



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Адам құқықтарын халықаралық
қорғау. 2-бөлім



Екінші дәрісімізде біз Біріккен Ұлттар Ұйымының жүзеге асыру (яғни имплементация) жүйесі, оның саяси органдары, Біріккен Ұлттар ұйымы құрған сарапшы органдар, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт, жекелеген шарттар негізінде құрылған сарапшы органдар, Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет, Адам құқықтары жөніндегі комитет, Әйелдерді кемсітуді жою жөніндегі комитет, Бала құқықтары жөніндегі комитет жұмысы туралы мәселелерді қарастырамыз.

БҰҰ-дағы жүзеге асыру жүйесі

Саяси органдар

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 13-бабына сәйкес, Бас Ассамблея адам құқығына қатысты мәселелерді тексеруге және кеңес беруге құқылы. Оның адам құқығы мәселесіне қатысты ұсыныстары Экономикалық және әлеуметтік кеңестің (ЭКОСОС) баяндамаларында жарияланады. Ал Бас Ассамблеяның өзі алдыңғы отырыстарда басқа мәселерді қарау барысында қабылдаған шешімнің нәтижесінде адам құқықтары мәселесін көтереді. Сонымен қатар, Бас Ассамблея адам құқықтары саласындағы кейбір мәселелерді Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа органдарында қарайды және Бас хатшы мәселені мүше-мемлекеттердің қарауына беруге ұсыныс жасай алады.

Адам құқығы жөніндегі көп мәселелер Ассамблеяның Үшінші комитетіне жіберіледі. Бұл комитет – Әлеуметтік гуманитарлық және мәдени мәселелер жөніндегі комитет.

Бірақ мәселені басқа комитеттерге де беруі мүмкін. Мысалы, Алтыншы комитет құқықтық мәселелерді, Бірінші комитет саяси және қауіпсіздік мәселелерін қарайды. Сондай-ақ, арнайы саяси комитет бар. Бұған қоса Ассамблея қосалқы органдар құрған. Олардың біразы адам құқығы мәселелерімен айналысады. Мысалы, олардың қатарында Отарсыздану (яғни Деколонизация) жөніндегі арнайы комитет, БҰҰ Намибия жөніндегі кеңесі, Апартеид жөніндегі арнайы комитет, Израильдің басып алған территориясындағы практикасын тексеру жөніндегі арнайы комитет, Палестина халқының ажырамас құқығын жүзеге асыру жөніндегі арнайы комитет бар. ЭКОСОС адам құқығы жөнінде кеңес береді, Ассамблеяға конвенциялардың жобасын ұсынады, адам құқықтары жөніндегі халықаралық конференциялар өткізеді.

Ол Бас Ассамблея таңдаған 54 мүшеден тұрады. БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғарғы комиссары, БҰҰ Балалар қоры, БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясы, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы мен Бүкіләлемдік азық-түлік кеңесі сияқты органдардың жыл сайынғы баяндамаларын тыңдайды.

ЭКОСОС-тың қосалқы органдары арасында Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Әйелдер мәртебесі жөніндегі комиссияларды атауға болады. Олар адам құқығы жөнінде зерттеу жасау, халықаралық құжаттардың жобасын, ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Бастапқы кезде ЭКОСОС Комиссия адам құқығының бұзылуы туралы шағымды тыңдауға өкілетсіз болды деген пікірді ұстанды. Алайда ЭКОСОС-тың 1967 жылғы 1235 (XLII) қарары қабылданып, Комиссия мен оның аз топтарды кемсіту мен қорғаудың алдын алу жөніндегі қосалқы комиссиясына адам құқықтарының бұзылуы туралы тиісті ақпараттарды зерделеуге және сол бойынша тиісті мәлімдеме жасау үшін тексеруге, ЭКОСОС-қа ұсыныстар әзірлеуге құзірет берілген.

Комиссия жұмысындағы алғашқы нақты жағдай Оңтүстік Африка Республикасына қатысты. Ұйым Оңтүстік Африка Республикасы жөніндегі сарапшы мамандардан тұратын жұмыс тобын және басқа да түрлі тақырыптарға қатысты жұмыс топтарын ашты, осындай елдердегі нақты жағдайлар бойынша жұмыс істейтін Арнайы баяндамашыларды тағайындады.

Комиссия аясында халықаралық құжаттар даярлайтын бірнеше бейресми жұмыс топтары құрылды. Атап айтқанда, Дін және сенімнің негізіндегі кемсітушілікті жою туралы декларация, Азаптауға тыйым салу туралы конвенция және аз топтардың құқықтары мен балалар құқығы туралы құжаттар.

Комиссия, сондай-ақ Апартеид конвенциясының IX бабына сәйкес, мемлекеттердің баяндамаларын қарау үшін үш адамнан тұратын топ құрды. 1970 жылы ЭКОСОС-тың 1503 (XLVIII)



қарарында адам құқықтарының бұзылуы жөніндегі шағымды қараудың жаңа процедурасы енгізілді. Осы қарарға 2000 жылы енгізілген өзгерістің негізінде Қосалқы комиссия коммуникация жөніндегі жұмыс тобын құрған. Бұл топ жыл сайын кездесіп, «адам құқығының жүйелі түрде бұзылуына» қатысты мәселелерді қарастырып, Қосалқы комиссияның қарауына ұсынуға тиіс болған. Барлық рәсімдер соңғы кезеңіне дейін құпия болды. Дегенмен М. Шоудың ойынша, ол бас кезіндегі күткен үмітті ақтамады. Еңбек авторы, сондай-ақ, Комиссияның тым саясиленген сипаты мен құпиялық талабы оған артылған үміттің ақталуына кедергі келтірді.

БҰҰ органдар құрған сарапшы органдар Экономикалық, Әлеуметтік және Мәдени Құқықтар туралы Халықаралық Пакт

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт 1966 жылы қабылданып, 1976 жылдан бастап күшіне енген. Құжаттың 2-бабында Пактіге қол қойған әр мемлекет «осы конвенцияда аталған құқықтарды жүзеге асыруда жетістікке жету үшін» қолынан келген бар мүмкіндікті жасауға тиіс делінген.

Басқаша айтқанда, мемлекеттің бұл саладағы бағдарламасы оның заңдық міндеттемелеріне қатысы жоқ, тек оның еркі мен қорына байланысты.

Пактіде көрсетілген құқықтар алуан түрлі. Мысалы, олардың қатарына өзін-өзі билеу, еңбек құқығы, өмір сүру стандартына құқығы, білім алу құқығы, мәдени өмірге қатысу және ғылыми прогресс нәтижелерін пайдалану құқығы кірген. Пактіге қол қойған мемлекеттер ЭКОСОС-қа мерзімдік баяндамаларын жіберіп тұруы тиіс.

Малколм Шоудың пікірінше, Пактіні жүзеге асыру барысы оның өзіндегі көптеген қағидаттардың (принциптердің) екіұштылығы салдарынан қиындықтарға тап болып отыр. Сондай-ақ осы салаға қатысты құқықтық мәтіндер мен сот шешімдерінің тапшылығы кедергі келтіруде. Бұған қоса, көптеген мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды позициясы екіұшты. Бұл салада біраз мемлекеттік емес ұйымдар жұмыс істеп жатқанына қарамастан, олардан өзекті де нақты ақпарат алу қиын.

Комитет бастапқы кезде Женева қаласында жыл сайын үш апталық сессияға жиналып тұрды. Алайда қазіргі кезде екі жылда бір рет жиналады. Адам құқықтарын жүзеге асыратын басқа да комитеттер сияқты мұнда да мемлекеттердің баяндаманы кешіктіріп беру проблемасы бар.

Жекелеген шарттар негізінде құрылған сарапшы органдар

Салалық шарттардың негізінде бірнеше сарапшы комитет құрылды. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының қосалқы органдары емес, бірақ іс жүзінде онымен тығыз байланысты. Малколм Шоу мұндай комитеттерді «БҰҰ Шарт органдары» деп атайды.

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет

1965 жылы Нәсілдік кемсітушіліктің кез келген нысанын жою туралы конвенцияның 2-бөлімінің негізінде 18 сарапшыдан тұратын комитет құрылды. Сарапшыларды конвенцияға қатысушы-мемлекеттер сайлайды. Қатысушы мемлекеттер бұл комитетке әр екі жыл сайын конвенцияның нормаларында аталған шараларды жүзеге асыру барысын баяндап отыруға міндеттелді. Ал комитет жыл сайын Бас Ассамблеяға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы баяндама жасап тұрады.

Комитет, сондай-ақ, қатысушы мемлекеттердің ұсынған баяндама мен мәліметтер негізінде ұсыныстар мен жалпылама кеңестер бере алады.



Комитет, сонымен қатар, алдын ала ескерту шаралары мен жедел процедуралар қабылдай алады. Алдын ала ескерту шаралары орын алып отырған мәселелерді ушықтырып алмауға бағытталады, ал жедел процедуралар тез арада назар аударуды керек ететін мәселелердің бетін қайтару мен ауқымы мен мөлшерін шектеуге немесе конвенцияның бұзылуының алдын алу үшін жасалады.

Мұндай жағдайларда Комитет шешім қабылдап, резолюция қабылдауы мүмкін. Бүгінге дейін олар әзірлеген ұсыныстар жиырмадан аса қатысушы-мемлекетке жолданған.

Комитет баяндаманы кешіктірген мемлекеттердің мәселесін қараудың процедурасын бекіткен. Бұл шара бойынша комитет соңғы ұсынылған баяндаманың негізінде қатысушы-мемлекетке қатысты тексеру жүргізеді. Соңғы баяндама болмаса, Комитет қатысушы мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа органдарына берген мәліметтерін қарастырады. Тіпті ондай мәліметтер болмаса, Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа органдарының осы мемлекетке қатысты дайындаған баяндамасы мен мәліметтерін пайдаланады. Малколм Шоудың байқауынша, іс жүзінде комитет басқа да дереккөздерді қарастырады. Мысалы, сол мемлекетте тіркелген мемлекеттік емес ұйымдар берген мәліметтер мен есептер де назарға алынады.

1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің кез келген нысанын жою туралы конвенцияның 11-бабына сәйкес, әлдебір қатысушы мемлекет екінші мемлекетке қатысты шағым түсіре алады және комитет осы шағымдағы мәселені шешудің жолын қарастырады. Егер мәселе шешілмесе, кез келген тарап оны қайтадан Комитеттің қарауына бере алады, ал 12-баптың негізінде арнайы Бітімгершілік комиссиясы құрылып, бұл комиссия комитетке мәселені бейбіт жолмен шешу тәсілін ұсынып, есеп береді.

Адам құқықтары комитеті

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт 1966 жылы қабылданып, 1976 жылы күшіне енді. Пактінің 2-бабына сәйкес, қатысушы мемлекеттер өз территориясындағы жеке тұлғалардың бәрін құрметтеуге және өз юрисдикциясының шегінде Пактіде аталған құқықтарын қамтамасыз етуге міндеттелген. Бұл құқықтар сөзсіз міндеттеуші күшке ие деп нақты көрсетілген. Олардың қатарына халықтың өзін-өзі билеу құқығы, өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдыққа тыйым салу, еркіндік пен қауіпсіздік құқығы, тиісті құқықтық шаралар қабылдау құқығы, ой, ар-ождан, діни бостандығы, жиналыс құқығы, аз топқа жататын тұлғалардың өз мәдениетін тұтыну құқығы жатады.

Осы Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Пактке сәйкес Адам құқықтары комитеті құрылды. Оның құрамында қатысушы-мемлекеттер сайлайтын 18 тәуелсіз сарапшы бар. Осындай сарапшылар тобының арасында бір кездері мен де жұмыс істедім.

Сарапшылар географиялық теңдік пен әртүрлі өркениеттер мен құқықтық жүйелердің тең өкілдік етуіне мән бере отырып, төрт жылдық мерзімге сайланады. Комитет жылына үш рет (Женевада және Нью-Йоркте) жиналады және консенсус негізінде жұмыс істейді.

Пакті негізінен баяндама жүйесі арқылы жүзеге асырылады, яғни қатысушы мемлекеттер Пактідегі аталған құқықтарды жетілдіру мақсатында өздері қабылдаған шаралар туралы баяндама жасайды. Бастапқы баяндама сол мемлекет үшін Пакт күшіне енгеннен кейін бір жыл ішінде жасалады. Комитет мұндай баяндамаларға арнап жетекші принциптерді әзірледі. Сөйтіп, әр бес жыл сайын қосымша баяндама жасалуы қажет деген шешім қабылдады. Комитет баяндаманы сол мемлекеттің өкілдерімен бірге талқылайды. Мәліметтерді бірнеше дереккөзден, соның ішінде мемлекеттік емес ұйымдардан да алады. Комитет, сондай-ақ, қажет кезінде сол мемлекеттің өзінен қосымша мәлімет сұрай алады.

Мысалы, 1992 жылдың қазанында комитет Югославия Федеративтік Республикасынан (Сербия мен Черногориядан), Хорватиядан, Босния және Герцеговинадан этникалық тазалау мен қырып-жоюға қарсы қабылданған шаралар жөнінде қосымша қысқаша баяндама талап ету туралы шешім қабылдады. Тиісті баяндама алынып, оны сол мемлекеттердің өкілдерімен бірге талқылап, тиісті ұсыныс-ескертпелер берілді. Кейін осы тәжірибенің негізінде комитет процедурасына өзгеріс енгізіліп, ендігі жерде кез келген қажет уақытта баяндама талап етуге



рұқсат берілді. Комитет, сондай-ақ, Пактіге бұрын мүше болған елдің территориясындағы халықтың Пактіде белгіленген құқықтарға ие бола беру кепілі жалғасатынынын айтты.

Қатысушы мемлекет бірнеше есептік кезең бойы баяндама жасамаса және Комитетке есепті беру уақытын кейінге қалдыру туралы өтініш білдірсе, комитет сол мемлекеттегі жағдайды қолжетімді материалдардың негізінде тексере бастайды.

Пакттің 40 (4)-бабының негізінде комитет ондай «жалпы ескертуді кез келген қажет кезде жасауға» құқылы. Сондай-ақ, комитетте мемлекет тиісті баяндаманы жолдамаған кезде сол мемлекеттің Пактіде көрсетілген құқықтарды жүзеге асыру үшін қабылдаған шараларын ескере отырып, баяндама жасалмаса да, сол мемлекеттің өкілінің қатысуымен қорытынды ескерту жасау процесі қалыптасқан.

Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитет

Әйелдердің мәртебесі жөніндегі комиссия 1946 жылы ЭКОСОС-тың функционалды комитеттерінің бірі ретінде құрылды. Бұл комиссия стандарттарды қалыптастырушы және болашақ халықаралық инструменттерді қалыптастырушы ретінде үлкен рөл атқарды. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитет 1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсідудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның 22-бабы негізінде құрылды. Бұл Конвенция мемлекеттер тапсыратын есептер негізінде жүзеге асырылады. Комитет төр жыл мерзімге сайланатын 18 сарапшыдан құралады. Ол тұрақты түрде өз сессияларын өткізіп, ЭКОСОС арқылы БҰҰ Бас Ассамблеясына жыл сайын есеп беріп отырады. Комитет мемлекеттерге есеп тапсыруға қатысты өзінің нұсқаулықтарын ұсынды. Бұл ретте алғашқы тапсырылатын есеп толық әрі егжей-тегжейлі ақпаратты қамту керек. Ал кейіннен тапсырылатын есептер ақпаратты жаңарту болып табылады. 1990 жылдан бері кейіннен тапсырылатын есептер ең алдымен сессияға дейінгі жұмыс топтарында зерттеледі. Есепті талқылаған соң, комитет өзінің ұсыныстарын енгізеді. Оған қоса, комитет жалпы ұсыныстар жасай алады. Осылайша, №5 жалпы ұсыныс мемлекеттерді уақытша арнайы шараларды көбірек қолдануға шақырады. Олардың ішінде артықшылықты қарау немесе әйелдердің білім беру, экономика, саясат, және жұмыс жасау салаларына көбірек араласулары үшін квота жүйесі секілді позитивті шаралар бар. №8 жалпы ұсынысқа сәйкес, мемлекеттер дискриминацияға жол бермей, әйелдер ер адамдармен теңдей халықаралық деңгейде өздерін білдіру мүмкіндігіне ие болу үшін шаралар қабылдау керек. №12 жалпы ұсыныс мемлекеттерді өз есептеріндегі ақпаратқа әйелдерге қарсы зорлықпен күреске қатысты мемлекет қолданып жатқан шараны қосуға шақырды. №14 жалпы ұсыныс әйелдерді сүндеттеу практикасын жою туралы шаралар қабылдауға шақырады. Ал №21 жалпы ұсыныс некеге тұру мен отбасылық өмірдегі теңдікті орнатуға қатысты шараларды қамтиды.

Бала құқықтары жөніндегі комитет

Бала құқықтары туралы конвенция Бас Ассамблеямен 1989 жылы қабылданды. Бұл Конвенция бойынша балаларға қатысты барлық әрекеттер баланың мүддесі үшін жасалу керек. Конвенцияда түрлі құқықтар аталып көрсетілді. Мысалы, өмір сүру құқығы, атқа және азаматтыққа ие болу құқығы, өз ойын білдіру еркіндігі, ар-ождан, дін еркіндігі құқығы, жеке басының құпиялығы, отбасы, үй, хат-хабарға қатысты заңсыз араласудан азат болу құқығы және т.б.

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер балаларды барлық физикалық және психикалық зорлық-зомбылық формаларынан қорғау шараларын қабылдауға келіседі. Сонымен қатар, олар балаларды экономикалық мақсаттарда пайдалану, есірткіні заңсыз пайдалануға қарсы шаралар қабылдауы тиіс.

Конвенцияның 43-бабы бойынша комитет құрылуы көзделген. Комитет ең алғаш 1991 жылы сайланды. Ол 18 тәуелсіз сарапшыдан тұрады. Олар мемлекеттердің есептерін тыңдауға



құзыретті. Ал комитеттің өзі болса әр екі жылда бір рет ЭКОСОС арқылы Бас Ассамблеяға есеп беріп тұрады. Комитет Бас Ассамблеяға Бас Хатшы кейбір бала құқықтарына қатысты мәселелерге зерттеу жүргізуді ұсына алады. Зерттеу нәтижесі бойынша ол ұсыныстар мен жалпылама кеңес бере алады.

Сұрақтар

1. Қалай ойлайсыз, адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар мен пакттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттер ұсынатын есептің рөлі қандай?
2. Есепті мерзімінен кешіктіріп бергені үшін қандай шаралар қолданылады?
3. Мемлекеттер тапсыратын есептерде қамтылған ақпараттан тыс адам құқықтары туралы комитеттердің өзге ақпарат көздерінен ақпарат алуына қатысты пікіріңіз қандай?

Әдебиеттер

1. Jacobs, White and Ovey: The European Convention on Human Rights (ed. B. Rainey, E. Wicks and C. Ovey), 6th edn, Oxford, 2014.
2. The Oxford Handbook of International Human Rights Law (ed. D. Shelton), Oxford, 2013.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 115-139.
4. Malcolm Shaw. International Law p. 210-231.